

# *Марғұлан Әлкей Хақанұлы*

---



# Әлкей Хақанұлы Марғұлан

- *Өмірбаяны*
  - *1904 ж. мамырдың 11 Ақпеті болысында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы) дүниеге келді. Әкесі Хақан – атақты Олжабай батырдың тікелей ұрпағы. Әлкейдің әкесі Хақан мен шешесі Нұрила көптеген халық ертегілері мен аңыздарын білген, үйде халық әндері мен Абай әуендері жиі шырқалатын. Әлкей бес жасында оқып, жаза білуді үйренді, бала кезінде «Қобыланды», «Алпамыс», «Көрұғлы», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» дастандарын жатқа білген. Хақанның шаңырағында белгілі ақын, ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Жаяу Мұса, Имантай Сәтбаев және қазақ даласына белгілі басқа да адамдар жиі бас қосқан.*



# Әлкей Хақанұлы Марғұлан

---

- *Әлкей Хақанұлы Марғұлан бастапқы білімді ауыл мектебінен алды. Павлодар қаласындағы мұғалімдер курсын бітіріп, туған аулында мұғалім болып істеді. Семей педагогикалық техникумының студенті бола жүріп, «Таң» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында (1921–25) қызмет атқарған. Ленинград қаласындағы Шығыстану институтының түркітану және тарихофилология факультеттерінде (1925–29) қатар оқыды. 1929 жылы Әлкей Марғұлан Шығыс институтындағы оқуын бітіріп, Абай шығармашылығы туралы дипломдық жұмысын табысты қорғап шықты.*

# Әлкей Хақанұлы Марғұлан

- *1941ж. КСРО ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. Осы қызметте жүріп «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта қорғаған канд. диссертациясында (1943) көне қыпшақ тарихына байланысты құнды зерттеулер жасады. Археология, палеолит бөлімінің меңгерушісі, аға ғылыми қызметкері (1946–53), Қазақстан ғылым академиясының Архитектура құрылыс және құрылыс материалдары институтының аға ғылыми қызметкері (1953–55) болды; кейін этнография бөлімін (1958–76) басқарды.*
- *Осы жылдары Марғұлан Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және Отырар, Сауран, Сығанақ қалалары орнында қазба жұмыстарын жүргізіп, соның негізінде «Көне қазақ жерінің қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы» аталатын монографиясын (1950) жариялады.*

# Әлкей Хақанұлы Марғұлан

- *Марғұлан – қорқыттанушы.*

*Ол оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан данагөй абыз, жырау, күй атасы, қазақ бақсыларының жебеушісі, батагөй-сәуегейі Қорқыт мұрасын зерттеді. Мның жазуынша, қазақ музыкасы мен философиясында «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт тол-ғауы», «Тәңір бий» дейтін рухани ізгі дәстүрлер, мақамдар қалыптасып дамыған. Демек, Қорқыт– «керемет иесі», «Ұлыс-тың ұлы кеңесшісі», «тарихи оқиғаларды жырлаушы жырау»*



# Әлкей Хақанұлы Марғұлан

- *1957-1967ж. Уәлихановтың ғылыми мұраларын жинайтын топқа (Әуезов, С.Байішев, Сәтбаев, Нүсіпбеков-пен бірге) басшылық етіп, оның таңдамалы (1958) және 5 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарды.*

*1976-1984ж. Қазақстан ҒА этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері болды.*

*1985ж. қантардың 12 қайтыс болды.*

# *Әлкей Хақанұлы Марғұлан*

- *Отбасы*

*Әйелі-Сатпаева Раушан, дәрігер,  
медицина ғылымдарының  
докторы*

*Қызы-Данель Марғулан, ғылым  
кандидаты*



# Әлкей Хақанұлы Марғұлан

## ■ Еңбектері

*Марғұлан тарих, археология, этнография, әдебиет, өнер (қолданбалы жәнесәулет өнері) және металлургия саласына қатысты 300-ден астам ғыл.-зерт. жұмыстар, 100-ден астам энциклопед. мақалалар жазды, сонымен қатар қазақстандық этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың бірнеше буынын даярлады.*

*Марапаттар: Ленин ордені, Халықтар достығы ордені және т.б.*

